

## «ҰЛЫ АДАМНЫҢ ҰЛҒАЙТЫП СӨЗДЕРІ»

**Абдурахимова Гүлнұр Айғали қизи**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының I курс студенті.

**Ғылыми жетекшісі:** Жандос Абдазимович Байзаков

**Аннотация:** Қазақ әдебиетінің атасы - Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы. 45 қара сөздерінің ішіндегі 6-қара сөзінің мазмұны мен мағынасы.

**Кілтті сөздер:** Ибраһим, Приходская школа, философ, трактат, қар сөз, адамилық, бірлік, тірлік, үлгі, насихат

### ANNOTATION

Life and work of Abay Kunanbayev, the father of Kazakh literature. Content and meaning of 6 black words out of 45 black words.

Keywords: Ibrahim

**Keywords:** Ibrahim, Parish school, philosopher, treatise, snowball, humanity, unity, life, example, propaganda

### Сұлтанмазмұт Торайғыров

**Кіріспе бөлім:** Қазақ әдебиеті XIX ғасырға келіп мазмұны мен алға тартқан тақырыбы жағынан едәуір ілгеріледі. Ғасырдың бастарында Ішкі Орда қазақтары хан сұлтандарға қарсы ашық түрде күрес жүргізе бастады, бұл дәуір қазақ хандығы үшін соңғы кезеңдер болды да, Ресей патшалығы елімізге билігін жүргізіп, үкіметті өз қолына алды. Бұрынғы атадан балаға мұра болып келген билік жойылып, орнын әкімшілік басқару тәртібі иеледі. Қазақтың бұрыннан келе жатқан кейбір салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына наразылық айқындала берді. Ескіліктен арылып жаңашылдыққа өту кезі, әрі, халықты нағыз шиеленіс пен көтерілістер, дау-дамайдың арасында қылдырып қойған да

нақ осы XIX шы болып саналады. Соның арқасында қазақ әдебиетінде жаңа идеялар мен жаңа мазмұнды шығармалар жазылып, үлкен бет бұрылыс байқалды. Әдебиетке үнілер болсақ, бұл кезеңде Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениетінің тұңғыш әрі талантты өкілдері бой көтере бастағанын көреміз. Солардың ішіндегі аттың қасқасындай көрінетіні - Абай Құнанбаев.

**Негізгі бөлім:** Жаңа реалистік әдебиеттің дамуына үлкен үлес қосқан Абай Құнанбаев XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, ұлы тұлғасы. Ол 1845 жылы бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының етегінде туған. Әкесі Құнанбай Тобықты руының белгілі де, беделді ел білеушісі болған. Абайдың азан шақырып қойған есімі Ибраһим, бала кезінде үй үлкендері "абай бол", "абайлап жүр" деп көп айтқандықтан Абай атанып кеткен.

Абайды сөз етпес бұрын оның әкесі жайлы айта кеткен жөн. Құнанбай Өскенбайұлы (Құнанбай қажы) 1804 жылы дүниеге келген. Ол отыз жасында-ақ Күшік тобықты елінің старшыны етіп сайланады да, 20 жыл тізгінді бермей, ел басқарады. Құран қағидаларының жетік білгірі Құнанбай 1874-1876 жылдары Меккеде жасап, онда құдайға құлшылық етушілерге арнап тәкия құрдырады. Құнанбайдың 4 әйелі болған деседі. Бәйбішесі Күнкеден - Құдайберді, екінші әйелі Ұлжаннан - Тәңірберді, Ибраһим, Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан - Халиолла, Смағұл, Кәмшат атты ұл-қыздары дүниеге келген. Ал төртінші әйелі Нұрғанымнан туған перзенті жасында шетнеп кеткен. Бұл жайлы Абай: "Атадан алтау, анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ" деп айтып өтеді.

Құнанбайдың перзенттері ішінде ең зерегі, алғыры, ақылдысы осы Абай болыпты. Әкесі оны мұсылманша хат танысын деп әуелі Ғабұл-Жаппардың, сонан соң Ахмет-Ризаның медресесіне береді. Оны бітірген соң "Приходская школада" үш ай орыс тілін оқып, жетік меңгереді. Оқуға бар ынтасымен зейін қойған Абай Шыстың классик ақындары Низами, Сағди, Хафиз, Фзулидің ертегі, дастандары оқиды. Орыс тілін үйрену арқылы орыс ақындарының шығармаларымен танысады.

13 жасынан бастап әкесіне ере жүріп, ел билеу істерін үйрене бастайды. Би-шешендердің ортасына түсіп, солардан сөз үйренеді, мақалдап, тақпақтап сөйлеудің жөн-жобасын меңгереді. Халықты не қинауы, қандай мәселерде дау көтеріліп, оны қалай шешу керектігін сол кезден көріп, халыққа жақындай түседі.

Сөйтіп, бір жағынан, Шығыс, орыс мәдениетінен хабары бар, әрі халық жағдайын жақсы білген Абай ел тарихымен таныса келе, нағыз дана, көрегенді болып ер жетеді.

Абайды танымайтын қазақ жоқтығы анық. Себебі ол қазақ халқының бетке тұтары, мақтанышы, ұлттың ұлы тұлғасы. Оны ұлы қылған - елге еткен қызметі, даналығы, шығармашылығы болып саналады. Абайдың шығармашылығы өте кең. Деректерге сүйене отырып оның 192 өлеңі, толықтай 3 поэмасы, 45 қара сөзі бар деуге болады. Сонымен қатар аудармалары да баршылық. Абайдың осынау шығармаларының ішіндегі ең ерекшесі 45 қара сөз болып отыр.

Абай 90-жылдар ішінде өзінің бір алуан шығармаларын қара сөзбен жазған. Оның қара сөздері көркем шығарма түрінде емес, ақынның өзі көрген өмір сабақтары туралы ойларын, содан түйіндектін даналық, философиялық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған. Көлемі шағын, мазмұны, мағынасы аса мол, терең болып келеді. Сондықтан зерттеуші ғалымдар оны көркем шығарма емес, философиялық трактат деп санайды. 45 қара сөздің әрбірінде бірер бір ойды ортаға тастап, сол жайлы өзінің ойын айқын көрсетеді. Басынан кешкен тәжірибесімен бөлісе отырып, оқырманға үгіт насихат айтады. Адамның бойынан табылуы тиіс болған қасиеттердің баршасы сөз етіліп, оған қалай қол жеткізу мүмкіндігі жайлы да мәлімет беріледі.

Ақынның алғашқы қара сөзінде өзінің қара сөз жазудан мақсаты не екенін түсіндіреді. Ол осы "ойына келген нәрселер" туралы жазуды өмірінің соңғы мақсат-мұраты тұтады. Сол арқылы кейінгі ұрпаққа ақыл-өнеге, өсиет, ғибрат қалдыруды көздейді.

Алтыншы қара сөзінде Абай бірлік пен тірлік жайлы айтады. Халқымыздың бірлік дегенді дұрыс түсінбей, не оны қандай кезде қажет екендігін білместігіне қайғырады. Қазақ мал бөліскенде, ас беріскенде ғана бірлік бар деп ойлайды. Бірлік мал мен асты бөліскенде ғана көрінер болса, бұл бірлік емес антұрнандық деген пікірді алға тартады. Ал тірлік деп тірі жүріп қыбырлағанды айтар болсақ ол қате деп санайды. Жаны бардың барлығы осындай емес пе? Олай болса қалған жаратылыстан адамның айырмашылық қайда қалды? Тірлік деп тірі болып өлімнен қашу, жарық дүниеде жасау деп түсіну дұрыс емес екенін, нағыз тірлік көзі ашық, көкірек ояулығы, алға мақсат қойып, адамдар мен өзіне пайда тигізеді тіршілік жасау екендігін шеберлікпен түсіндіреді. Бұл қара сөзін мынадай бір шумақ өлеңмен аяқтайды:

Кеселді жалқау, қолжазбас,

Әзір тамақ, әзір ас.

Сыртың - пысық, ішің- нас,

Артын ойлап ұялмас.

**Қорытынды:** Абайдың шығармаларындағы, қар сөздеріндегі алға қойған идеялары қазіргі күнге келіп те актуалдығын жоғалтпаған. Ақынның көрегендігі ғасыр бойына жетіп отыр емес пе? Асыл сөздің атасы, халқымыздың киесі Абайды оқыған адам өзіне таптырмас қазына мен мол байлық алады. Тек шығармалары ғана емес өмір жолының өзі-ақ хікметке толы ғой.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ (REFERENCES)**

1. М.Әуезов "Абай жолы" 1 том ( Алматы 1942 )
2. М.Әуезов "Абай жолы" 2 том (Алматы 1947)
3. М.Әуезов "Абай жолы" 10 том (Алматы 1982)
- 4.Х.Сүйіншәлиев "Қазақ әдебиеті тарихы" (Алматы 2006)
5. "Абай Құнанбаев " (Алматы 1968)